



САРЫАРҚА САМАЛЫ

Павлодар облыстық газеті
1929 жылы 15 ақпандан шығады

27 мамыр, сенбі
2017 жыл
№56 (15083)

✉ ssamaly29@gmail.com

🌐 www.saryarka-samaly.kz

📘 facebook.com/saryarka15

📱 @saryarka_samaly

ТУҒАН ЖЕР

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы - егемен елімізді әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына енгуге жетелейтін стратегиялық құжат деп білемін. Сондықтан да, бұл құжаттың әрбір қазақстандық үшін мағынасы терең, маңызы зор. Осыны жұртшылыққа, әсіресе, ел ертеңі болар жастарға түсіндіре білуіміз керек.

Жарқын болашақ кепілі

Мемлекет басшысының тарихи мақаласы бізге үлкен міндет жүктеп отыр. Бұл жауапкершілікті әрқайсымыз жіті түсініп, оны ойдағыдай жүзеге асыруға атсалысуымыз қажет. Аталмыш құжатта Елбасымыз патриотизм, елге, жерге деген сүйіспеншілік жөнінде терең ой қозғады. Оның іске асуына үлес қосу мақсатында Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты жуырда өзінің «Туған жер» атты бағдарламасын қабылдады. Бағдарлама тек биылғы жыл іске асатын негізгі 100 бөлімнен тұрады. Әр бөлімнің өзіндік міндет-мақсаты бар. Соның бірнешеуіне ғана тоқталар болсам, алдағы уақытта аймақтағы 3 жоғары оқу орнының жанынан ұлттық құндылықтар мектебін ашуды жоспарлап отырмыз. Сол арқылы облыстағы орта білім беретін мектептерді біріктіріп, түрлі сала бойынша бағыт-бағдар беру көзделуде. Сондай-ақ, күні кеше ғана «Өлкетану» экспедициясын қолға алдық. Сол бойынша институттың 80 студенті Баянауыл, Екібастұз өңірлеріндегі киелі жерлерді аралап, солардың тарихы жайлы құнды мағлұматтармен танысатын болады. Экспедицияға баратын студенттердің қатарында «Серпін» бағдарламасы бойынша Оңтүстік өңірлерден келіп білім алып жатқан жастар көп екенін атап өткен жөн. Олар Ертіс-Баян өңірінің әдемі жерлерін өз көздерімен көріп, тарихын біліп, осы елге сіңіссін деген ниетіміз бар. Бұдан басқа, таяуда жоғары

оқу орнының ішінен тарихи музей ашу ойымыз бар. Сонымен қатар, Елбасы айтқан «100 жаңа есімнің» тізімін біз де жасап қойдық. Егер бұл бастама басшылар тарапынан қолдау тапса, яғни, бекітілсе, ондағы әр азамат жайлы кітап шығаруды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, бүгінгі күнге дейін қазақтың ағартушы ғалымы Ыбырай Алтынсариннің энциклопедиясы жарыққа шықпапты. Педагогикалық оқу орны ретінде біз Ы.Алтынсариннің 5 томдық энциклопедиясын шығаруды қолға алудамыз. Тағы бір атап өтерлігі, қазіргі таңда облыс мектептеріндегі мұғалімдердің 70-80 пайызы осы білім ордасының түлектері екені сөзсіз. Солардың ішіндегі ең үздік әрі үлгілі ұстаздарды таңдап алып, «Алтын есімдер» деген кітаптар сериясын шығарамыз деген ойдамыз.

Жалпы, аталған бағдарлама бойынша алдағы күннің еншісіне жоспарланған жұмыстар жетерлік. Бастысы, сапалы білім-ғылым мен саналы тәрбие арқылы ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртып, жоғалтқанымызды түгендеп, өркениет көшінен қалмауымыз қажет. Сонда ғана Елбасы айтқандай, елжанды ұрпақ тәрбиелеп, «Мәңгілік ел» бола аламыз деп ойлаймын және соған сенемін!

Алтынбек НУХҰЛЫ,
ПМПИ ректоры,
химия ғылымдарының докторы,
профессор.